

**Егемен Қазақстан**

 **Egemen.kz**

## **Ва-банкке бардық па?..**

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі осыған дейін Қазақстанда жұмыс істейтін екінші деңгейлі 9 банк жабылатынын айтқан еді. «Қазіргі таңда Қазақстан нарығында 21 екінші деңгейлі банк жұмыс істейді. Бұл ретте 9 банк таратылу сатысында тұр. 2022 жылдың басынан бері Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі екінші деңгейлі банктің басшы қызметкері лауазымына 13 кандидатты бекітуден бас тартты. Бағалы қағаздар нарығында 49 субъект жұмыс істейді, ал 2022 жылдың басынан бері Агенттік басшы лауазымға 10 кандидатты бекітуден бас тартты», делінген хабарламада.

### **Тағдыры шешілген тоғыз банк**

Былыр отандастар тарапынан банк және микроқаржы секторындағы ұйымдарының жұмысына қатысты 35 мыңнан аса өтініш түскен. Бұған қоса, аталған консультативтік құжатта елімізде мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қаржы қызметтеріне қолжетімділік деңгейі төмен екені жазылған.

«9 банк жабылады» деп атын дардай еткенімен, бұған дейін бұл банктер онсыз да жұмыс істемейтін. Мысалы, Валют-транзит банк, Астана банкі және Tengri Bank пен Qazaq Bankі осыдан бірнеше жыл бұрын жұмысын тоқтатқан болатын. Тіпті осы банктердің салымшылары тиесілі ақшасын ала алмай, біраз шу шығарғанын әлі күнге дейін ұмытқан жоқпыз.

Бүгінде барлық таратылатын банк кредиторларының талаптарын қанағаттандыру дәрежесі әртүрлі сатыда.

Қазинвестбанк, Эксимбанк Қазақстан, Delta Bank тарату комиссиялары депозитор-жеке тұлғаларға төленген кепілдік өтемақылар бойынша ҚДКҚ алдындағы, сондай-ақ ҚДКҚ-ның кепілдік төлемінің ең жоғары мөлшерінен асып түсетін депозиттер бойынша жеке тұлғалар алдындағы өз міндеттемелерін толық өтеді.

Қазір банктер кредитор-заңды тұлғалардың талаптарын қанағаттандыру сатысында. 2021 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша, Қазинвестбанк заңды тұлғалар алдындағы талаптарды 5,8 пайызға немесе 6,3 млрд теңгеге, Эксимбанк Қазақстан 19,1 пайызға (2 млрд теңге) және Delta Bank мүлік кепілімен қамтамасыз етілген кредитордың алдында 15,9 пайызға (2,2 млрд теңге) қанағаттандырды. Валют-транзит банк, Астана банкі, Qazaq Bankі әрі Tengri Bank-тің тарату комиссиялары депозитор-жеке тұлғаларға төленген кепілдік өтемақысы бойынша ҚДКҚ алдындағы талаптарды қанағаттандыру сатысында. 2021 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша, Tengri Bank ҚДКҚ алдындағы талаптарды 87 пайызға немесе 15,4 млрд теңгеге, Валют-транзит банк 57 пайызға (10,4 млрд теңге), Астана банкі 43,9 пайызға

(16,5 млрд теңге), Qazaq Banki 16,3 пайызға (3,3 млрд теңге) қанағаттандырды.

Қазір AsiaCredit Bank аралық теңгерімді қалыптастыруда, ал Capital Bank Kazakhstan істерді уақытша әкімшіліктен тарату комиссиясына беру бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Кейін осы банктер кредиторлар тізілімін қалыптастыру мен кредиторлар комитетін құру бойынша іс-шараларды жүзеге асырады.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі құжаттарды талқылау порталында 26 шілдеге дейін жалғасады.

### **Банктер неге жабылып жатыр?**

Агенттік дайындаған құжатта өтінімдерді талдау нәтижесінде қарыз алушының борыштық жүктеме коэффициентін дұрыс есептемеу, жасырын комиссияларды есептеу, сыйақы мөлшерлемесінің шекті мәндерін және жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін асыру, жалған тұтынушылық несиелер беру сияқты проблемалық мәселелер, нарық субъектілерінің жосықсыз әрекеттері анықталғаны айтылған.

Агенттік енді заңнамалық деңгейде нормаларды енгізуді жоспарлап отыр, онда қаржы ұйымдарының халықпен жұмысының мінез-құлық стандарттары белгіленеді.

Атап айтқанда, банктерден тұтынушыларға қаржылық қызмет көрсету кезінде ақпаратты толық және сенімді ашуды талап ету ұсынылады.

Агенттік сонымен қатар клиенттің (құпия сатып алушы) атын жамылған қаржы ұйымдарын тексеруді және оларға халықпен жұмыс істеуде мінез-құлық стандарттарын белгілеуді жоспарлап отыр.

Қазір ақшаны сандықта сақтайтын уақыт өткеннің еншісінде қалды. Жиған-тергенін банкте депозит түрінде сақтайтындар аз емес. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры салымшыларға алаңдауға себеп жоғын айтып жатыр.

Еске салайық, 1990 жылдардың басында бір ғана Алматыда 200-ге жуық банк болған. Тәуелсіз Қазақстанның банк секторында түрлі-түрлі банк жұмыс істеген. Бәсекеге шыдағаны қалды, төзбегені тарих қойнауына жұтылып кетті. Тіпті кей банктердің атауын ұмытып та қалдық. Алғашқы уақытта қазақ-америка бірлескен банкін 2006 жылы «Сбербанк» сатып алды. 2010 жылдарға дейін жұмыс істеген ForteBank-тің тарихын Темірбанкпен байланыстырамыз, ал тарихын тереңдетсек Метрокомбанк тұр. Техакабанк-тің бұрынғы акционерлері ресейлік Метробанк қожайындарымен бірігіп 2008 жылы банк ашқан. 2012 жылғы ребрендингтен соң ForteBank атанады. Бір жылдан соң Темірбанк пен Альянс банкті өзіне қосып алады. 1990 жылдардың ортасынан жұмыс істей бастаған «Казинкомбанк» 2011 жылы атауын Bank RBK деп өзгертеді. Қазіргі AsiaCredit Bank – 1992 жылы құрылған «Лариба банктің» мұрагері.

Тоқсаныншы жылдардың басынан бастап жұмыс істеген «Сенім банкі». 2013 жылы Qazaq Banki болып өзгерді, екі жылдан соң жабылып қалды.

Заманында дәуірлеген Казагропромбанк 2001 жылы «Наурыз банк» болып өзгерді, кейін ол да жабылып тынды.

Банктердің жабылуы, бірігуі қалыпты құбылыс десек те, көп жағдайда бұған банк саласына қатысты заң мен реттеушінің талабын сақтамау себеп болады.

2016 жылы Қазақстан банктерінің рейтингі бірінші орында Қазкоммерцбанктен басталып, Пәкістан Ұлттық банкінің еншілес ұйымымен 35-ші орында аяқталды. Одан кейін «Халық» активтері бойынша екінші орынды иеленсе, үшінші орынға ресейлік «Плюс Банк» ААҚ-ын сатып алумен айналысқан қазіргі «оқиғаның қаһарманы» – Цеснабанк ие болды.

2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанның банк секторындағы ЕДБ саны 34 еді. Сол кездегі мемлекет басшысы акционерлер өз банктерін сақтағысы келсе, ақшаларына бәс тігуге тура келетінін, басқа амалдың жоқ екенін айтқан.

### **Экономикаға құрылтайшы емес, қаржы керек...**

Басқаша айтқанда экономикаға банктердің құрылтайшылары емес, қаражат қажет екені ашық айтылған. Осы оқиғадан кейін ЕДБ-ның қажет болса бұйрыққа бағынатын қабілетке ие екеніне көзіміз жетті. Банктердің жабылу үрдісі осы оқиғадан кейін қайта жаңғырды.

2014 жылы елімізде 38 банк жұмыс істесе, 2017 жылы – 32, 2020 жылы – 26, ал 2023 жылы 21 банк болды. Микронесие беру секторында 252 микроқаржы ұйымының микроқаржылық қызметті іске асыруға арналған лицензиясы бар. Бұл ретте 2022 жылдың басынан бастап 17 компания лицензиясынан айырылды.

Жабылатын банктер тізімі:

Валют-транзит банк

- Казинвестбанк
- Delta Bank
- Эксимбанк
- Қазақстан
- Астана банкі
- Qazaq Banki
- Tengri Bank
- AsiaCredit Bank
- CapitalBank
- Kazakhstan

Жалпы, 2018 жыл банктер жаппай жабылған жыл болды. Эксимбанк, Qazaq Banki және Астана банкінің басына қара бұлт үйірілді. Әсіресе соңғы аталған банк көп соққыны бастан өткерген сияқты. Мамыр айының соңында бизнесмен Александр Клебанов директорлар кеңесінен шығып, оған ақпан айында ғана кірді. 2018 жылдың маусым айының ортасында Ұлттық банк «Астана Банкі» АҚ-ның жеке

тұлғаларға жаңа депозиттер қабылдау және банк шоттарын ашу лицензиясын тоқтатты. Қыркүйекте банк лицензиясынан айырылып, қарашада сот арқылы таратылды. Түйіндеп айтқанда, тағы бір қаржы ұйымы ойыннан шығып, нарықтағы 28 банктің 27-сі ғана қалды.

«First Heartland Bank» АҚ 2019 жылдың маусым айында «First Heartland Jýsan Bank» АҚ (бұрынғы Цеснабанк) қосылды және First Heartland Bank тоқтатылды.

2020 жылға қарай Jýsan Bank активтері 1,33 трлн теңгені құрады және ол банктер рейтингінде 10-орынға ие болды. Оны «сатып алуға» келетін болсақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми деректері бойынша, 2020 жылдың 1 сәуірінде АТФ Банктің нормативтік капиталы 287,3 млрд теңгеге жетті, банк 1,43 трлн теңге активтерімен жүйеде алтыншы орында және Forbes Kazakhstan рейтингінде 9 орында. 2020 жылдың 18 қыркүйегінде Tengri Bank банктік және басқа да операцияларды жүргізу лицензиясынан айырылды. Сарапшылар 2017 жылдың басында қаржы институты Capital Bank Kazakhstan-ға қосылуды жоспарлағанын, бірақ мәміле жасалмағанын айтады. 2019 жылдың мамыр айында бірден Capital Bank және Asia CreditBank-ке қосылу туралы шешім қабылданды. Бірақ 2020 жылдың ақпанында Tengri Bank келісімнен бас тарту туралы шешім қабылдады. Осылайша, бес жыл ішінде мәжбүрлеп таратудың да, қосылу мен қосылудың да нәтижесінде Қазақстандағы банктердің саны 9-ға, яғни 35-тен 26-ға қысқарды.

Енді сол 26 банктің тоғызына нарықпен қоштасуға тура келіп тұр.

Өткен жылы қаржы саласына маманданған бірнеше ақпарат құралы 2023 жылы елімізде жаңа 3 банк құрылатынын жариялаған болатын. Тіпті кейбір ірі микроқаржы ұйымдарының жаңа мәртебе алатыны да ашық айтылған. 2023 жылдың алғашқы жартысы аяқталып қалса да ашылады деген жаңа банктерден әлі хабар жоқ. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің түсіндіруінше, елде жаңадан құрылған банктерге бір жыл бойы жеке тұлғалардың депозитін тартуға тыйым салынған. Ал банктер депозиттерді халық пен бизнеске несие түрінде таратып, табыс табады.

Сарапшылардың сөзінше, ЕДБ-ке айналудан үмітті микроқаржы ұйымдары салалық заңнаманың өзгеруін және жеңілдеуін күтіп отыр. Себебі жаңа банктердің ашылуына заңмен тежеп қойған кедергілердің бар екені жиі айтылатын. Қаржылық реттеу агенттігінің мамандары мұндай кемшіліктердің бар екенін ашық айтып отыр. Қолданыстағы заңнамада «өзектілігін» жоғалтқан өзге де талаптар жетерлік. Мысалы, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңының 30-бабына сәйкес, жаңадан құрылған банктердің ашылғаннан кейін бір жыл бойы жеке тұлғалардың депозиттерін тартуға құқығы жоқ. Бұл тыйым банктер бірінен соң бірі банкрот болып, депозиторлардың салымдарын қайтармау қаупі жоғары болған кезде, 2008 жылы енгізілді», деп түсіндірді қаржылық реттеу агенттігінің мамандары.

## **«Косметикалық» түзетулердің кесірі тимей ме?**

Енді тоғыз бірдей банктің нарықтан кетуі жаңа банктердің келуіне жол ашып отыр.

Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматовтың айтуынша, Ұлттық банк, Қаржылық реттеу агенттігімен бірлесіп, жекелеген банктердің саладағы үстем, доминанттық жағдайына қатысты проблеманы шешу мәселелерін қарастырады. Бұл үшін қаржы нарығындағы бәсекелестік күшейлетін болады. Ол шараның бірқатары жүзеге асырылыпты. Мысалы, Ұлттық банк басшысының мәліметінше, ірі микроқаржы ұйымдарын банкке конвертациялаудың жеңілдетілген тетігі енгізілді. Осы бағытта пікір білдірген сарапшылардың біразы түбегейлі жаңғыруларсыз жүргізілген «косметикалық» түзетулер тиісті нәтиже әпермей, кезекті көзбояушылыққа айналуы ықтимал екенін айтады.

Экономист Жарас Ахметовтің айтуынша, банктер санының бұлайша азаюы – жағымсыз үдеріс. Қазақстанға шетелдік банктер көп қызыға бермейді. Себебі нарық кеңістігі шектеулі, экономикасы әртараптандырылмаған. «Банк нарығындағы бәсекелестік деңгейі төмендеп барады, бұл жалпы экономика үшін зиянды. Қазақстанда несиелік ұйымдардың қажетті түрі жоқ», дейді сарапшы. Қолданбалы экономиканы зерттеу орталығының (AERC) қолданбалы зерттеулер департаментінің басшысы Диас Құмарбеков экономист Ахметовтің айтқанымен келіспейді. Оның айтуынша, бұл әңгіме көптен айтылып жүр. «Қазақстанға қанша банк қажет екенін айту мүмкін емес», дейді сарапшы.

Қанша банктің сұранысты қанағаттандыра алатынын нарықтың өзі анықтайды. Сарапшылардың сөзіне сенсек, банктердің ортақ қателігі – ортақ өгізден оңаша бұзауды жөн көргендігі, яғни банк секторында жеке жұмыс істегісі келгені. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» екенін мойындағысы келмей, лицензиясынан айырылды. Мұндайда «бөлінгенді бөрі жейді» деген сөз де еске түседі екен...

**Гүлбаршын  
АЙТЖАНБАЙҚЫЗЫ**